

## **10. ТАҚЫРЫП. Бюджеттік -құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу – 2 сагат.**

Мемлекетте қаржылық құқықтық бұзушылықтың аз болуы үшін қаржылық тәртіптің сақталуы тиіс. Қаржылықтың құқық бұзушылық бұл мемлекеттің қаржы саласына қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің сақталмауы, заңға қайшы іс-әрекет жасап, оны орындауда. Қаржылық құқық бұзушылық мынадай белгілерден тұрады: құқыққа қайшы әрекет, кінәнің орын алуы, себепті байланыс, зардаптың болуы, құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың көзделуі.

Қаржылық құқық бұзушылық құрамамы субъектіден, объектіден, субъективтік жағы мен объективтік жағынан тұрады. Қаржы аясында жасалған құқық бұзушылықтардың үш топқа бөліп қарастырамыз. Олар қаржылық құқық бұзушылық, әкімшілік құық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылық. Осы құық бұзушылықтардың ішінде негізгі құық бұзушылық ретінде салық салу аясындағы құқық бұзушылықты атап айтса болады. Салықтық әкімшілік құқық бұзушылық кең тараған түрі. Қаржы саласындағы әкімшілік құық бұзушылық. Қандай да юолмасын мемлекеттің өсіп-дамуының материалдық базасы – қаржыларды қалыптастыратын ең басты қайнар көздерге салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жататыны белгілі. Қаржылық құқық саласының белгілі ғалымы Худяков А.И. өз еңбегінде салықтардың түсінігін беріп қана қоймай, олардың басқа төлем түрлерінен ажыратуға қажетті ерекшеліктерін ашып көрсеткен.